

ТОПЫРАҚТЫ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АУДАНДАСТЫРУ

Топырақ-географиялық аудандастыру мақсаты - топырақ жамылғысының құрылымы мен құрамының ұқсастығына қарай территорияларды жергілікті аймақтық аудандарға бөлу арқылы тиімді пайдалану жүйелерін қарастыру.

Топырақ-географиялық аудандастыру әдістемелік жағынан топырақ жамылғысының картасына негізделген. Оған қосымша геологиялық карта, жер бедерінің картасы, төрттік дәуір шөгінділері, өсімдіктер және климаттық карталар да пайдаланылады.

Г.В.Добровольскийдің жетекшілігімен топырақ-географиялық аудандастырудың төмендегідей таксономиялық өлшемдері бөлінген:

Барлық территориялар үшін:

1. Топырақ-биоклиматтық белдеу.
2. Топырақ-биоклиматтық облыс.

Жазық территориялар үшін:

3. Топырақ зонасы немесе зонашасы
4. Топырақ провинциясы
5. Топырақ округі
6. Топырақ ауданы

Таулы территориялар үшін:

3. Таулы топырақ зонасы
4. Таулы топырақ провинциясы
5. Таулы топырақ округі
6. Таулы топырақ ауданы

Топырақ-биоклиматтық белдеу – топырақтардың көлбеулі зоналар мен биіктік белдеулердің радиациялық және жылу жағдайларының біртектестігі.

Топырақ-биоклиматтық облыс - топырақ зоналарының тек радиациялық және жылу жағдайлары ғана емес, сонымен қатар ылғалдану және құрғақтану жағдайларының біртектестігі.

Топырақ зонасы - зоналық топырақ типінің және соған қатарласа кездесетін зонааралық топырақтар ареалдары.

Топырақ провинциясы - топырақ зонасының кейбір топырақ және оның түзілу ерекшеліктеріне байланысты (ылғалдану, құрғақтану немесе температуралық өзгерістері) - зонаның бір бөлігі.

Топырақ округі - топырақ провинциясының жер бедері мен топырақтүзуші жынысқа байланысты топырақ жамылғысының біркелкі құрылымда кездесетін топырақ провинциясының бір бөлігі.

Топырақ ауданы – топырақ округінің жергілікті жағдайларға, тіпті кейде әкімшілік бөлінісіне қарай бөлінетін ең кіші бөлігі.

Бұрынғы Одақ (ТМД) көлемінде
келтірілген топырақ-географиялық
аудандастыру өлшемдері бойынша:

5 топырақ-биоклиматтық белдеу,
13 топырақ-биоклиматтық облыстар,
26 топырақ зоналар мен зонашалары,
108 топырақ провинциялары бөлінген.

ТМД елдерінің топырақтары

Топырақ географиясы курсында топырақ типтерімен олардың географиялық таралуы және қалыптасуы шарттары бойынша танысу қолайлы.


Сондықтан төменде ТМД елдерінің неғұрлым кең тараған топырақ типтеріне шолу жасалады.



1-Тундралық шымтезекті-
глейлі топырақ құмды
моренадағы саздауыт
(Ресей, Респ. Коми,
талды-бұталы тундра)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



2- Екімүшелі
шайындыдағы күшті
күлгінді топырақ (Ресей,
Солт. Двина өз. негізгі
жағалауы)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



3-Шымтезекті
қарашірінділі-глейлі
топырақ, құрғатылған,
тозаңды
ауыр құмбалшықта
(Ленинград обл., аралас
орман, құрғатылған
батпақсаз)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



4- Жоғарғы батпақсаздың
шымтезекті топырағы, 0-
120 см (Мәскеу обл.
Шымтезектің ыдырау
дәрежесі орташа -15%)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



5 – Шымды-күшті күлгінді
топырақ жеңіл саздауытты
мореналық құмды
саздауытта (Ресей, Мәскеу
облысы)
(Н.Н.Никольский бойынша,
1963)



6 - орманның сұр топырағы
күлгінденген саздауытты
жамылғы саздауытта
(Ресей, Рязань обл.)
(Н.Н.Никольский бойынша,
1963)



7 – орта қалыңдықты
кәдімгі қаратопырақ
саздау (Украина,
Днепропетровск обл.)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



8 – шалғынды -
қаратопырақ
глейлілеу
ауырсаздауытты
жамылғы саздауытта
(Ресей, Мәскеу обл.)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



9- қызғылт- қоңыр
топырақ, игерілмеген
(Сарытау облысы,
сортаңды үлгі тірек
пункті)


(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



10 – далалық
кебір (солонец);
игерудің басы, таяз
жырту (Сарытау
облысы, кебірлік үлгі
тірек пункті)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



11 – шөл даланың құба
топырағы
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



12 – сортаң (солончак)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



13 – ашық сұртопырақ,
суарылатын (Қазақстан,
Бетпақ дала, Пахтаарал)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



14 - орташымды
қызылтопырақ малта-
қойтасты шөгінділердің
үгілу өнімдеріндегі
(Грузия, солтүстік беткей,
бұталы тың учаске)
(Н.Н.Никольский
бойынша, 1963)



15 – сарытүсты-күлгінді
глейлеу балшықты
топырақ (Грузия)
(Н.Н.Никольский бойынша,
1963)




16 – қабатты жайылманың
шымды-құмбалшықтау
топырағы
(Тула обл., Красивая Меча
өз. жайылмасы)
(Н.Н.Никольский бойынша,
1963)



17- Кебір топырақ кескіні
құрылымының схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



18 -
Сортаң топырақтың
кескіні құрылымының
схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



19 – Қаратопырақтың
кескіні құрылымының
схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



20- Қызғылт-қоңыр
(каштан)
топырақтың кескіні
құрылымының схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



21- Сұртопырақтың
кескіні құрылымының
схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



22- Қызылтопырақтың
кескіні құрылымының
схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)



23- Шымды-күлгін
топырақтың кескіні
құрылымының схемасы
(Мириманян Х.П. бойынша,
1965)



24- Орманның сұр
топырағының кескіні
құрылымының схемасы
(Мириманян Х.П.
бойынша, 1965)

ТОПЫРАҚТЫҢ ТАБИҒАТ ПЕН ҚОҒАМДАҒЫ РОЛІ

Топырақ – биосферадағы биологиялық энергияның алмастырылмас аккумуляторы. Құрлықтың тірі затының және потенциалды биологиялық энергияның басым бөлігі Жердің топырақ жамылғысында шоғырланған.

Өсімдік және жануар қалдықтарының биологиялық түрленуі нәтижесінде топырақта ерекше органикалық заттардың – топырақ гумусының (қарашірік) жинақталуы жүреді. Онда тіршілікке қажет элементтер консервацияланып, бастапқыда жасыл өсімдіктер жинақтаған күн энергиясы бекітіледі.

Топырақтың маңызды ролінің бірі, ол
Дүниежүзілік мұхит тәрізді
планетаның **тазартушысы**
(пурификатор). Мұнда көптеген
органикалық және органоминералдық
заттардың ыдырауы аяқталады.
Топырақ – шаруашылық пен тіршілік
әрекетінің түрлі қалдықтарының
қабылдаушысы.

Топырақ адам қоғамына қатынасы
екіжақты.

Біріншіден, бұл базис, физикалық
орта, адамзаттың тіршілік кеңістігі.
Екіншіден – адамдардың тіршілігінің
экономикалық негізі, ауыл
шаруашылығында ол өндіріс құралы
және нысаны.